



# БІРЫҢҒАЙ ГРАНТ ОПЕРАТОРЫ

азаматтық бастамаларды  
қолдау орталығы

**Үкіметтік емес ұйымдарды гранттық**

# қаржыландыру саласындағы оператордың 2025 жылғы қызметінің нәтижелері туралы есебі

Тапсырыс беруші: Жаңаөзен қалалық ішкі саясат бөлімі

«Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ  
Астана 2025

## 1. Гранттарды орналастыру есебі кезеңінің басталу және аяқталу күні:

Қағидалардың 29-тармағына сәйкес, қоғамдықты ақпараттандыру мақсатында Оператор мемлекеттік гранттардың басым бағыттарының тізбесін интернет-ресурсқа орналастыру туралы мемлекеттік органдардан хабарламалар алынған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде өз интернет-ресурсында конкурс туралы хабарландыруды мемлекеттік және орыс тілдерінде жариялайды.

Сонымен қатар, Оператор азаматтық сектор өкілдерін мемлекеттік емес ұйымдарға гранттар беру жөнінде өткізілетін конкурстар туралы кеңінен ақпараттандыруға ерекше көңіл бөледі.

2025 жылғы 05 наурызда Жаңаөзен қалалық Ішкі саясат бөлімінің тапсырысы бойынша мемлекеттік емес ұйымдарға 2025 жылға арналған мемлекеттік гранттарды беру конкурсын өткізу туралы хабарландыру жарияланды:

<https://cisc.kz/zhangaozen-qalalyq-ishki-sayasat-boelimining-tapsyrysy-bojynsha-granttar-konkwrsy-2/x>

<https://cisc.kz/ru/konkurs-grantov-po-zakazu-zhanaozenskogo-gorodskogo-otdelavnutrennej-politiki-2/x>

[https://www.instagram.com/p/DGzq05tNPl\\_/?igsh=MWx2a2V5M3BxZ3pnbQ==](https://www.instagram.com/p/DGzq05tNPl_/?igsh=MWx2a2V5M3BxZ3pnbQ==)  
<https://www.instagram.com/p/DGzroKjtl9l/?igsh=OXZqMm9tNHJneHBu>

Өтінімдерді қабылдау 2025 жылғы 01 сәуірде аяқталды.

## 2. Есепті кезеңде орналастырылған гранттар бағыттарының саны:

Есептік кезеңде Оператор Тапсырыс берушінің бұйрығымен бекітілген 2 басым бағыт бойынша 2 мемлекеттік грантын беру жөнінде хабарландыру жариялады:

№	Басым бағыт	Грант саны	Грант сомасы
1	Отбасылық құндылықтар - ұлттық тәрбие негізі	1	11 000 000 тг.
2	Мемлекеттік рәміздерді насихаттау және олардың маңыздылығын түсіндіру	1	11 000 000 тг.

## 3. Есепті кезеңде іске асырылған гранттар саны:

Өткізілген конкурстардың нәтижесі бойынша 2 грант бойынша 2 ҮЕҰ-мен мемлекеттік грант беру туралы шарт жасалды.

№	Заңның 5-бабының 1-тармағына сәйкес мемлекеттік грант саласы	Мемлекеттік гранттың басым бағыты	Грант түрі	Ұйым атауы	Шарттың нөмірі мен күні
1	Отбасылық	Отбасылық	қысқа	«Zangar Event»	06.05.2025 ж. №35
	демографиялық және гендерлік мәселелерді шешуге жәрдемдесу	құндылықтар - ұлттық тәрбие негізі	мерзімді	қоғамдық қоры	
2	Білім беру, ғылым, ақпарат, дене шынықтыру және спорт саласындағы мақсаттарға қол жеткізу	Мемлекеттік рәміздерді насихаттау және олардың маңыздылығын түсіндіру		«Қазақстанның Экологиялық Қоры» қоғамдық қоры	05.05.2025 №34

## 4. Есепті кезеңде іске асырылған гранттар саласы:

2025 жылы Оператор «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 5-бабына сәйкес «Жаңаөзен қалалық ішкі саясат бөлімі» ММ тапсырысымен «Отбасылық демографиялық және гендерлік мәселелерді шешуге жәрдемдесу» саласы бойынша 1 жобаны, «Білім беру, ғылым, ақпарат, дене шынықтыру және спорт саласындағы мақсаттарға қол жеткізу» саласы бойынша 1 жобаны іске асырды.

## 5. Гранттарды іске асыруға есепті кезеңде мемлекеттік көздерден бөлінген қаражаттың жалпы сомасы:

Мемлекеттік гранттарды Оператор Заңның 5-бабының 1-тармағында көзделген салалар шеңберінде және мемлекеттік органның Оператормен

жасасатын үкіметтік емес ұйымдарға мемлекеттік гранттар беру үшін ақша қаражатын беру туралы шарт негізінде мемлекеттік бюджет қаражатынан береді.

Есептік кезеңде Тапсырыс берушінің бұйрығымен бекітілген 22 000 000 теңгені құрайтын 2 гранттық жоба ұсынды.

#### **6. Гранттарды іске асыруға есепті кезеңде бюджеттен тыс көздерден бөлінген қаражаттың жалпы сомасы:**

Есепті кезеңде Басқарманың мемлекеттік грантын іске асыру барысында бюджеттен тыс көздер тартылған жоқ.

#### **7. Есепті кезеңде қазақстандық ұйымдардың қатарынан гранттарды іске асыруға тартылған әріптестер туралы ақпарат (жалпы саны, ұйымның толық атауы, басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде), байланыс деректері, заңды мекенжайы):**

Қазақстандық ұйымдар арасынан гранттарды іске асыруға тартылған серіктестер туралы мәліметтер:

№	Грант алушының атауы	Жобаның атауы	Ұйымның атауы	Басшының ТАӘ	Байланыс деректері	Заңды мекенжайы
1	«Zangar Event» қоғамдық қоры	«Шаңырақ» жобасы	-	-	-	-
2	«Қазақстанның Экологиялық Қоры» қоғамдық қоры	«Зорлық-зомбылықсыз қоғам» жобасы	«БАТЭС» ЖШС	Космаганбетова Клара Тасбауовна	Sult.kk@yandex.kz	Маңғыстау облысы, Ақтау қ. АВТОДРОМ ауданы, уч. комбинат
			Еко Kaz Project ЖШС	Елдеш Назым Елдешқызы	8 709 333 9787	Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 16 ш/а, 139 үй

#### **8. Есепті кезеңде халықаралық (шетелдік) ұйымдардың қатарынан гранттарды іске асыруға тартылған әріптестер туралы ақпарат (жалпы саны, ұйымның толық атауы, басшысының тегі, аты, жөні, әкесінің аты (болған кезде), байланыс деректері, заңды мекенжайы):**

Гранттық жобаны іске асыру барысында халықаралық (шетелдік) ұйымдардың қатарынан әріптестер тартылған жоқ.

#### **9. Есепті кезеңде үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператор арқылы гранттарды іске асырған үкіметтік емес ұйымдар туралы мәліметтер**

Ақпарат осы есепке 1-қосымшада көзделген.

#### **10. Есепті кезеңде грант шеңберінде іске асырылған әлеуметтік жобалар, әлеуметтік бағдарламалар туралы мәліметтер**

Ақпарат осы есепке 2-қосымшада көзделген.

#### **11. Гранттарды іске асыру шеңберінде жобалардың нәтижелері бойынша жалпы тұжырымдар мен ұсынымдар:**

Қарастырылған гранттық бастамалар барлық бағыттар бойынша жоспарланған көлемде сәтті іске асырылып, айқын әлеуметтік әсер көрсетті. Іс-шараларды ұйымдастырудың жоғары сапасы мен қатысушылардың белсенділігі жоба мақсаттарына толық қол жеткізілгенін растайды. Алынған кері байланыс бойынша қатысушылардың басым көпшілігі өткізілген шараларды пайдалы және сапалы деп бағалады, бұл жобалардың тақырыптық өзектілігі мен тәжірибелік құндылығын көрсетеді.

Жобаларды одан әрі жетілдіруге арналған негізгі ұсынымдар ретінде тұрақты мониторинг жүйесін енгізу, нәтижелерді тереңірек талдау, сондай-ақ онлайн-форматтағы іс-шаралар санын көбейту арқылы аудиторияны кеңейтуді ұсынуға болады. Серіктестік желілерін нығайту және әдістемелік материалдарды алмасу жоба тәжірибесін тұрақты дамытуға мүмкіндік береді. Соңында, жоба нәтижелерін кеңінен насихаттау және оларды бөлісу — болашақтағы ұқсас бастамалардың тиімділігін арттырудың маңызды факторы болып табылады.

**12. Есепке гранттарды қалыптастыруға қатысатын үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператордың басшысы, оператордың бас бухгалтері не оларды алмастыратын адамдар қол қояды. Есептің әрбір данасы тігіледі, тігіс түйініне және ішінара құжаттың парағына желімделген қағаз пломбамен бекемделеді. Мөрдiң бедері ішінара қағаз пломбаға, ішінара құжаттың парағына басылуы тиіс.**

13. Есеп «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ гранттық қаржыландыру саласындағы оператормен жасалды.

**Басқарма Төрағасының м.а.**

**Каримова А.Е.**

**Бас бухгалтер**

**Ибраева Ш.З.**

**1. Есепті кезеңде үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператор арқылы гранттарды іске асырған үкіметтік емес ұйымдар туралы мәліметтер**

**1. Үкіметтік емес ұйымның толық атауы:** «Zangar event» қоғамдық қоры  
**2. Үкіметтік емес ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде):**  
Мухаммедов Нуржан Сундинович

**3. Заңды мекенжайы, байланыс телефоны:** Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 16 ықшам ауданы, 43 ү., 1 бөлігі, 94 пәт, 8 701 664 4224

**4. Грантты іске асыру (сала) шеңберінде әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның атауы:** «Отбасылық құндылықтар - ұлттық тәрбие негізі» басым бағыты, «Жаңаөзен отбасылары: ұлттық дәстүр мен құндылықтар»

**5. Грант шеңберінде әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру кезеңі (басталу жылы мен айын/аяқталу жылы мен айын көрсету):** 6 мамыр - 30 қараша аралығы

**6. Грантты іске асыруға бөлінген қаражаттың жалпы сомасы:** 10 997 580 (он миллион тоғыз жүз тоқсан жеті мың бес жүз сексен) теңге

**2. Есепті кезеңде үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператор арқылы гранттарды іске асырған үкіметтік емес ұйымдар туралы мәліметтер**

**1. Үкіметтік емес ұйымның толық атауы:** «Қазақстанның Экологиялық Қоры»  
Қоғамдық қоры

**2. Үкіметтік емес ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде):** Абдуалиева Айгуль Кадесовна

**3. Заңды мекенжайы, байланыс телефоны:** Астана қаласы Е-15 көшесі, 3 үй, 24 кеңсе, 8 701 777 9174

**4. Грантты іске асыру (сала) шеңберінде әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның атауы:** «Мемлекеттік рәміздерді насихаттау және олардың маңызын түсіндіру» басым бағыты, «Qazaq Symbols: Кеше, Бүгін, Ертең әлеуметтік жобасы

**5. Грант шеңберінде әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру кезеңі (басталу жылы мен айын/аяқталу жылы мен айын көрсету):** 2025 жылдың 5 мамыр – 30 қараша аралығы.

**6. Грантты іске асыруға бөлінген қаражаттың жалпы сомасы:** 11 000 000 (он бір миллион) теңге.

## Есепті кезеңде грант шеңберінде іске асырылған әлеуметтік жобалар, әлеуметтік бағдарламалар туралы мәліметтер

**Грант алушы:** «Zangar Event» қоғамдық қоры

**Басым бағыттың атауы:** Отбасылық құндылықтар - ұлттық тәрбие негізі

**I. Сандық көрсеткіштерді келтіре отырып, әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның барлық іс-шаралары бойынша жалпы ақпарат** (іс-шараның өткен күні, орны, тақырыбы мен нысаны, қатысушылар саны, жоспарланған іс-шаралардың толық орындалуы):

**1 міндет. Отбасылық құндылықтарды нығайту және ата-аналардың тәрбиелік рөлін арттыру – Жас отбасылар мен ата-аналарға арналған кездесулер, пікірталастар, тренингтер мен квиздер өткізу арқылы отбасы институтын қолдау.**

**Іс-шара 1: Жаңаөзен қаласы мен оған қарасты ауылдарда отбасылық құндылықтарды нығайтуға арналған 5 кездесу (TEDx) ұйымдастыру.**

2025 жылдың 14.06, 03.07, 22.08, 23.09 және 04.11 күндері Жаңаөзен қаласы мен оған қарасты ауылдарда отбасылық құндылықтарды нығайтуға арналған 5 кездесу (TEDx). Аталған іс-шараны тапсырыс берушінің ұсынысымен жоғары кәсіби беделі бар, қоғам алдында кең танымал, жастар мен отбасылық аудиторияға ықпалы бар және жобаның мазмұнын терең ашып көрсете алатын спикерлер өткізді олар: Азамат Скаков, Бижан Мұхаммедов, Елжас Ертайұлы, Нұрлан имам және Ерлан Калиев. Қатысушыларың жалпы саны – 190 адамнан астам болды. Іс-шара Жаңаөзен қаласында және оған қарасты ауылды елді мекендерде өтті. Қатысушылардың басым бөлігі – жас отбасылар, ата-аналар, педагогтар және жергілікті белсенді азаматтар болды. Іс-шарадан кейінгі кері байланыс яғни өткізілген сауалнама нәтижесі TEDx форматындағы бейресми және мазмұнды диалогтар отбасы институтын жаңаша түсінуге, өзара қарым-қатынас мәдениетін жақсартуға және ата-аналардың тәрбиелік рөлін күшейтуге ықпал еткенін көрсетті.

**Іс-шара 2: Жаңаөзен қаласының жас отбасылары арасында отбасылық құндылықтарды насихаттау мақсатында 3 интеллектуалды квиз-ойын ұйымдастыру.**

2025 жылдың 22.05, 12.09, 23.10 күндері Жаңаөзен қаласының жас отбасылары арасында отбасылық құндылықтарды насихаттау мақсатында 3 интеллектуалды квиз-ойындары өтті. Әр квизге 50 отбасы өкілдері барлығы 150 отбасы өкілдері қатысты. Квизді кәсіби журналист тәжірибелі маман Алтынгүл Меңдіхан және Достанов Айбек өткізді.

Квиздердің негізгі мазмұны отбасылық дәстүрлер, ұлттық құндылықтар, ата-ана мен бала арасындағы өзара түсіністік, отбасындағы рөлдер, отбасылық қарым-қатынас мәдениеті және заманауи тәрбиелеу әдістеріне байланысты білімді, логиканы және тапқырлықты тексеруге бағытталды. Бұл формат жобаның мақсатына сай келетін интерактивті, қызықты және заманауи әдіс ретінде таңдалды, себебі ол жас отбасылар арасында жоғары танымалдыққа ие және оларды белсенді қатысуға ынталандырады. Ойын нәтижесінде жеңімпаз командаларға ақшалай сыйлық берілді.

**2 міндет. Ақпараттық және медиа қолдауды қамтамасыз ету – подкасттар, бейнероликтер және әлеуметтік желілердегі ақпараттық кампаниялар арқылы жобаның мазмұнын кең аудиторияға жеткізу.**

**Іс-шара 3: Жаңаөзен қаласында отбасы құндылықтарын дәріптеу және ұлттық тәрбиеге негізделген отбасы институтының рөлін күшейту мақсатында «Отбасы – махаббат, құрмет және ынтымақтастық ұясы» атты 5 подкаст жазу. Қоғам қайраткері, психолог және басқа да мамандардың қатысуымен.**

2025 жылдың 14.06, 12.08, 22.08, 23.09, 24.10 күндері Жаңаөзен қаласында отбасы құндылықтарын дәріптеу және ұлттық тәрбиеге негізделген отбасы институтының рөлін күшейту мақсатында «Отбасы – махаббат, құрмет және ынтымақтастық ұясы» атты 5 подкаст түсірілді. Подкастқа спикер ретінде қоғам қайраткері, психолог және басқа да мамандардың қатысты.

Подкаст форматы таңдалуының негізгі себебі – қазіргі жастар мен жас отбасылардың ақпаратты цифрлық платформалар арқылы тұтыну белсенділігінің жоғары болуы. Подкасттар отбасы құндылықтары мен ұлттық тәрбиенің өзекті сұрақтарын заманауи, қолжетімді және тартымды форматта жеткізуге мүмкіндік берді.

Әрбір подкасттың мазмұны отбасы қарым-қатынасы, отбасылық рөлдер, ата-ананың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігі, ұлттық салт-дәстүрдің отбасылық мәдениеттегі орны, қоғамдағы отбасылық құндылықтардың маңызы және жас буынның тәрбиесіндегі заманауи мәселелерді қамтыды.

Сілтемелер:

<https://www.instagram.com/reel/DL7zdXgs3vG/?igsh=MTBtMWhwa2N2bWZvYw>

<https://www.instagram.com/reel/DL7zdXgs3vG/?igsh=MTBtMWhwa2N2bWZvYw>

<https://youtu.be/06e7Avey5Gw?si=irVs8cnVjfdave3V>

<https://youtu.be/jJN4QOMaoxY?si=HbhaBC37NmvYstQC>

<https://www.facebook.com/share/v/1BDc5hAFNU/?mibextid=wwXlfr>

<https://www.facebook.com/share/r/1A6LTLx9Fm/?mibextid=wwXlfr>

<https://www.instagram.com/reel/DL-VIKCsHKm/?igsh=OXB5c2s3aXZrbDRs>

<https://www.instagram.com/reel/DOabVCujD6C/?igsh=MWV4YzF6cjQ5YzI5dA> = [https://youtu.be/duKG5NV5oW4?si=ei6Yeq6y\\_WsELS6L](https://youtu.be/duKG5NV5oW4?si=ei6Yeq6y_WsELS6L)

<https://www.instagram.com/reel/DQWZLrvjJze/?igsh=>

[https://youtu.be/4e6gZHq4q1c?si=oZAKs8\\_mmpuixEiH](https://youtu.be/4e6gZHq4q1c?si=oZAKs8_mmpuixEiH)

<https://www.instagram.com/reel/DQe0hB7jGZ9/?igsh=MzVnMHJlc2FyZ3Ay>

[https://youtu.be/F\\_LOJ75h5vI?si=2KzxxODcVjpvsm-o](https://youtu.be/F_LOJ75h5vI?si=2KzxxODcVjpvsm-o)

<https://www.instagram.com/reel/DQe1RXjjBs7/?igsh=MXhldjRlYXRzeXo3ZA>

**Іс-шара 4: Жаңаөзен қаласында отбасындағы күрделі жағдайларды шешуге арналған екі бейнеролик дайындау**

Отбасылық құндылықтарды нығайтуға бағытталған әлеуметтік жобаның маңызды компоненттерінің бірі кең аудиторияға қолжетімді, қысқа форматта тәрбиелік маңызы жоғары ақпарат жеткізе алатын әлеуметтік бейнероликтер дайындау болды. Осы мақсатта Жаңаөзен қаласында отбасындағы күрделі жағдайларды шешуге арналған 2 бейнеролик түсіріліп, өңделді және мақсатты аудиторияға кеңінен таратылды.

Бейнероликтер жоба шеңберінде кәсіби мамандардың қатысуымен дайындалды. Әрбір видео көрерменге қысқа, нақты және өмірлік жағдайларда қолдануға болатын кеңестер береді. Форматтың қысқалығы мен визуалды тартымдылығы олардың әлеуметтік желілерде жылдам таралуына ықпал етті.

Түсірілім жұмыстары аяқталған соң бейнероликтер Instagram, YouTube, Facebook желілеріне орналастырылып, арнайы мақсатты аудиторияға бағытталған тарату жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде роликтердің жалпы қаралым саны 10 000-нан асты, бұл жобаның ақпараттық қамту көрсеткіштерінің жоғары екенін және аудитория тарапынан айтарлықтай қызығушылық болғанын көрсетеді.

### **Сілтемелер:**

<https://www.instagram.com/reel/DQywb2BDHid/?igsh=ZXl6bnlkYXU5eGM3>

<https://www.instagram.com/reel/DRFu66JjHfO/?igsh=MTg1cGxzcm4xZ>

<https://www.facebook.com/share/v/17asedapZT/?mibextid=wwXIfr>

[https://youtu.be/VOUCsZ3\\_1RI?si=nqlhayghHgi92cfs](https://youtu.be/VOUCsZ3_1RI?si=nqlhayghHgi92cfs)

<https://www.instagram.com/reel/DRFu66JjHfO/?igsh=MTg1cGxzcm4xZHQyZA=>

<https://www.facebook.com/share/v/14RsdmFaHB1/?mibextid=wwXIfr>

[https://youtu.be/jqleRn\\_0pOO?si=kKzOGC7HkdsXMw5p](https://youtu.be/jqleRn_0pOO?si=kKzOGC7HkdsXMw5p)

**3 міндет. Ұлттық дәстүрлер мен құндылықтар дәріптеу – Интерактивті мәдени шаралар, ұлттық ойындар, тренингтер мен шеберлік сабақтары арқылы отбасылық тәрбиеде ұлттық құндылықтардың рөлін күшейту.**

**Іс-шара 5: Жаңаөзен қаласындағы орта арнайы және жалпы білім беретін мектептердің оқушыларының ата-аналары үшін «Еңбек және ата-ананың жеке үлгісі – адамгершілік тәрбиесінің құралы» тақырыбында 3 ашық пікірталас алаңы ұйымдастыру**

2025 жылдың 07.11, 15.11, 18.11 күндері Жаңаөзен қаласындағы орта арнайы және жалпы білім беретін мектептердің ата-аналары үшін «Еңбек және ата-ананың жеке үлгісі – адамгершілік тәрбиесінің құралы» тақырыбында үш ашық пікірталас алаңы ұйымдастырылды. Бұл іс-шаралар ата-аналардың бала тәрбиесіндегі рөлін күшейтуге, еңбек мәдениетінің тәрбиелік маңызын түсіндіруге және ата-ананың жеке мінез-құлқының баланың адамгершілік қалыптасуына әсерін терең талдауға бағытталды. Әр пікірталас мектептер базасында өткізіліп, барлығы 90 адам қамтылды.

Пікірталастарды кәсіби модератор, қоғам белсендісі Ерлан Калиев жүргізді. Ол ата-аналармен ашық форматта диалог құрып, отбасыдағы тәрбие процесінде кездесетін қиындықтарды шешудің тиімді тәсілдерін түсіндірді. Сонымен қатар, ата-аналар тарапынан қойылған сұрақтарға нақты мысалдармен жауап беріліп, еңбек арқылы тәрбие беру, отбасындағы өзара сыйластық пен үлгі-өнеге көрсету психологиясы кеңінен талқыланды. Ата-аналардың белсенділігі іс-шараның қажеттілігі мен оларды мазалайтын өзекті мәселелердің терең екенін көрсетті.

Бұл пікірталас алаңдары жобаның жоспарланған индикаторларына толық сәйкес келіп, ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыруға және отбасы институтын нығайтуға айтарлықтай үлес қосты. Ұйымдастырылған іс-шаралар ата-аналардың өз рөлін қайта бағалауына, балалармен қарым-қатынас тәсілдерін жақсартуына және ұлттық тәрбиедегі еңбекке баулу моделін өз отбасыларында қолдануына оң әсер етті. Осылайша, пікірталас алаңдары жобаның жалпы мақсаттарына тиімді әрі нәтижелі қызмет етті.

**Іс-шара 6: Жаңаөзен қаласы мен оған қарасты ауылдарда дәстүрлерді насихаттау мақсатында 4 интерактивті мәдени тренинг пен воркшоп ұйымдастыру**

2025 жылы Жаңаөзен қаласы мен оған қарасты ауылдардың тұрғындарына ұлттық дәстүрлерді насихаттау және мәдени құндылықтарды заманауи форматта жеткізу мақсатында 4 интерактивті мәдени тренинг пен воркшоп ұйымдастырылды. Бұл іс-шаралар қатысушыларға ұлттық өнерді, асхананы, музыканы және рухани құндылықтарды тәжірибелік түрде үйренуге мүмкіндік беріп, отбасы тәрбиесі мен мәдени мұра арасындағы байланысты күшейтті. Әр воркшоп нақты ұлттық дәстүрге бағытталып, практикалық сабақ түрінде өткізілді.

30 мамыр күні «Ұлттық қолөнер және шығармашылық» воркшопын Гүлнұр Баратова өткізіп, қатысушылар қазақ қолөнерінің ерекшеліктерін меңгерді. 9 маусымда Маржан Битимбаева домбыра тарту бойынша шеберлік сағат өткізіп, ұлттық аспаптың мәні мен қағыстарын үйретті. 5 қарашада Ләззат Ерубасева «Қазақтың ұлттық құндылықтары» воркшопында отбасы тәрбиесіндегі салт-дәстүр рөлін талқылады. Ал 11 қарашада Дәмеш Ибраимова «Дәстүрлі қазақ тағамдары» мастер-класын өткізіп, ұлттық ас дайындаудың тәжірибелік әдістерін көрсетті.

Бұл 4 іс-шараның әрқайсысына орта есеппен 30 -дан астам адам қатысты, бұл халықтың ұлттық мұраға деген жоғары қызығушылығын көрсетті. Кері байланыс, яғни, сауалнама нәтижесі қазақтың ұлттық салт-дәстүрлері мен өнерін тереңірек түсініп, күнделікті өмірде қолдана

бастаған қатысушылар үлесі 70% құрады. Воркшоптар отбасы институтын ұлттық дәстүр арқылы нығайтуға, қатысушылардың мәдени танымын арттыруға және ұлттық құндылықтарды күнделікті өмірде қолдануға ықпал етті.

### **Іс-шара 7: Спартакиада ұйымдастыру.**

2025 жылдың 24 маусымы және 8 қарашасында Жаңаөзен қаласында отбасылық құндылықтарды нығайту және ата-аналар мен балалар арасындағы өзара ынтымақтастықты арттыру мақсатында екі рет отбасылық спартакиада ұйымдастырылды. Спартакиада спорттық-мәдени форматта өткізіліп, салауатты өмір салтын, бірлік пен өзара қолдауды насихаттауға бағытталды. Іс-шаралар отбасылардың бір ортада қарым-қатынас орнатуына, командалық рухты күшейтуіне және отбасы ішіндегі байланысты нығайтуына жағдай жасады.

Спартакиаданың жүргізушісі ретінде тәжірибелі маман Бауыржан Жолдасов шақырылды. Ол іс-шараның атмосферасын жандандырып, қатысушыларды белсенді түрде ойындарға тартты, спорттық жарыстарды әділ әрі жоғары деңгейде жүргізді. Іс-шара бағдарламасы отбасылар арасындағы эстафеталар, топтық жарыстар және түрлі спорттық ойындарды қамтыды. Бұл формат қатысушылардың жас ерекшеліктеріне қарамастан барлығына қатысуға мүмкіндік берді.

Екі спартакиадаға жалпы 80 адам қатысты және жеңімпаз командаларға бағалы сыйлықтар табысталды. Қатысушылардың белсенділігі мен кері байланысы іс-шараның қажет әрі қызықты болғанын көрсетті. Спартакиада отбасылық татулықты арттыруға, ата-аналар мен балалар арасындағы байланыс пен түсіністікті нығайтуға, сондай-ақ денсаулық мәдениетін қалыптастыруға маңызды үлес қосты.

### **Шарт талаптарына сәйкес жоба нәтижелерінің қорытынды жария презентациясы**

Шарт талаптарына сәйкес жобаның қорытындысы бойынша 2025 жылғы 22 қыркүйекте онлайн форматта қорытынды брифинг өткізілді. Іс-шара барысында жоба шеңберінде атқарылған барлық жұмыстардың толық қорытындылары ұсынылып, негізгі іс-шаралардың нәтижелері, қамтылған аудитория көлемі және жобаның әлеуметтік әсері ашық түрде талқыланды.

Қорытынды брифингке жобаны іске асырушы ұйымдастырушылар, жобаға қатысушылар, сондай-ақ «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ қызметкерлері қатысты. Брифинг аясында жоба нәтижелері бойынша арнайы презентация ұсынылып, қатысушылар тізімі, фото және бейнематериалдар, сондай-ақ әлеуметтік желілердегі жарияланымдар арқылы іс-шараның ақпараттық қамтылуы қамтамасыз етілді.

Орындалған жұмыстардың нәтижесінде брифинг барысында жоба туралы ақпарат көпшілікке кеңінен таралып, отбасы құндылықтарын нығайтуға бағытталған бастамаларға қоғамдық қолдау артты. Сонымен қатар, жоба қорытындыларының жария түрде ұсынылуы өңірлік деңгейде отбасылық құндылықтарды қолдау мен ұлттық тәрбиені насихаттау бағытындағы жүйелі жұмыстың жалғасуына серпін беріп, жергілікті қоғамдастықтың белсенділігін арттыруға оң ықпал етті.

### **Жоба қорытындысы бойынша қол жеткізілген нәтижелер**

Жоба 2025 жылғы 6 мамыр мен 15 қараша аралығында Жаңаөзен қаласында жүзеге асырылды. Жобаны іске асыру нәтижесінде барлық жоспарланған көрсеткіштер мен индикаторларға толық көлемде қол жеткізілді. Жоба аясында барлығы 600 отбасы өкілі тікелей қамтылды.

Іс-шараларға тартылған сарапшылар саны – 10. Қатысушылардың қанағаттану деңгейі сауалнама нәтижелері бойынша 70 пайызды құрады. Сауалнамалар әзірленіп, жүргізіліп, нәтижелері талданып, есепке енгізілді.

Жоба Жаңаөзен қаласы мен оған қарасты ауылдарда отбасы институтының тұрақты нығаюына, ата-аналардың тәрбиелік жауапкершілігінің артуына және ұлттық құндылықтардың ұрпақтар сабақтастығы арқылы берілуіне айтарлықтай ықпал етті. TEDx форматындағы іс-шаралар, воркшоптар, подкасттар және пікірталастар барысында қатысушылар отбасы ішіндегі өзара қарым-қатынасты жақсартуға, жанжалдарды бейбіт жолмен шешуге және балаларды тәрбиелеудің тиімді үлгілерін қалыптастыруға арналған білім мен практикалық дағдыларды меңгерді.

Жоба аясында дайындалған ақпараттық контент (бейнероликтер мен подкасттар) әлеуметтік желілерде ұзақ мерзімді негізде таралып, жаңа аудиторияны қамту арқылы тәрбиелік әсерін жалғастыруда. Сонымен қатар, қазынашылық органдармен, білім беру ұйымдарымен және жергілікті қауымдастықтармен орнатылған серіктестік байланыстар әлеуметтік бастамаларды одан әрі дамытуға және өңірде отбасы мәдениетін жүйелі түрде қолдауға берік негіз қалады.

### ***1) Әлеуметтік жобаның мақсаттарына қол жеткізу және алынған нәтижелері:***

Жобаны іске асыру барысында қойылған негізгі мақсаттарға толық көлемде қол жеткізілді. Әлеуметтік жоба Жаңаөзен қаласы мен оған қарасты ауылдарда отбасы институтын нығайтуға, ата-аналардың тәрбиелік жауапкершілігін арттыруға және ұлттық құндылықтарды ұрпақтар сабақтастығы арқылы кеңінен насихаттауға бағытталды.

Жоба аясында жүргізілген TEDx форматындағы кездесулер, интеллектуалды квиздер, подкасттар, әлеуметтік бейнероликтер, пікірталас алаңдары, мәдени воркшоптар мен отбасылық спартакиадалар отбасылық құндылықтарды заманауи әрі қолжетімді форматта жеткізуге мүмкіндік берді. Нәтижесінде ата-аналар мен жас отбасылар өзара қарым-қатынас мәдениетін дамыту, жанжалдарды бейбіт жолмен шешу, балалар тәрбиесіндегі жауапкершілікті терең сезіну бойынша нақты білім мен практикалық дағдыларға ие болды.

Жоба барысында барлығы 600 отбасы өкілі тікелей қамтылып, жоспарланған барлық көрсеткіштер мен индикаторлар орындалды. Іс-шараларға тартылған 10 сарапшының кәсіби қатысуы жобаның мазмұны мен сапасын арттырды. Сауалнама нәтижелері қатысушылардың қанағаттану деңгейі 70 пайызды құрағанын көрсетті, бұл жобаның өзектілігі мен тиімділігін дәлелдейді.

Ақпараттық қолдау аясында дайындалған подкасттар мен бейнероликтер әлеуметтік желілер арқылы кең аудиторияға таралып, жобаның тәрбиелік және әлеуметтік әсерін ұзақ мерзімді негізде жалғастыруға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, білім беру ұйымдарымен, жергілікті қауымдастықтармен және басқа да серіктестермен орнатылған ынтымақтастық өңірде отбасы құндылықтарын жүйелі түрде қолдау мен дамытуға берік негіз қалады.

### ***2) Мақсатқа қол жеткізу туралы дәлелдер және фактілер***

Жобаның алға қойылған мақсаттарына қол жеткізілгенін нақты дәлелдер мен өлшенетін фактілер толықтай растайды. Атап айтқанда, жобаны іске асыру барысында барлық жоспарланған іс-шаралар мерзімінде және сапалы түрде орындалып, белгіленген индикаторларға қол жеткізілді.

Жоба 2025 жылғы 6 мамыр мен 15 қараша аралығында жүзеге асырылып, Жаңаөзен қаласы мен оған қарасты ауылдарда барлығы **600 отбасы өкілі тікелей қамтылды**, бұл жоспарланған көрсеткішке толық сәйкес келеді. Отбасы институтын нығайтуға бағытталған TEDx форматындағы 5 кездесу, 3 интеллектуалды квиз, 5 подкаст, 2 әлеуметтік бейнеролик, 3 пікірталас алаңы, 4 мәдени воркшоп және 2 отбасылық спартакиада өткізілді.

Іс-шараларды өткізуге **10 кәсіби сарапшы** тартылып, олардың қатысуы мазмұнның сапасы мен практикалық маңызын арттырды. Қатысушылармен жүргізілген сауалнама нәтижелері бойынша **қанағаттану деңгейі 70%** құрады. Бұл көрсеткіш жобаның өзектілігіне, таңдалған форматтардың тиімділігіне және аудиторияның қызығушылығына нақты дәлел болды.

Ақпараттық қолдау аясында дайындалған подкасттар мен әлеуметтік бейнероликтер **Instagram, YouTube және Facebook** платформаларында таратылып, бейнематериалдардың **жалпы қаралым саны 10 000-нан асты**. Бұл жобаның тікелей қамтумен қатар кең ақпараттық аудиторияға әсер еткенін көрсетеді.

Сонымен қатар, кері байланыс нәтижелері қатысушылардың отбасы ішіндегі қарым-қатынас мәдениетін жақсартуға, ата-аналардың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттыруға және ұлттық салт-дәстүрлерді күнделікті өмірде қолдана бастауға деген көзқарасының оң өзгергенін көрсетті. Мәдени воркшоптарға қатысушылардың **70%-ы** алған білім мен дағдыларды отбасылық өмірде пайдаланатынын атап өтті.

### ***3) Жоспарланған нәтижелердің алынған нәтижелерге сәйкестігі; егер жоспардан ауытқу орын алса, оның негіздемесі:*** Барлық

жоспарланған іс-шаралар толық көлемде және уақытында орындалды. Жоспардан ауытқу орын алмады.

**4) Әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру аяқталғаннан кейін және/немесе іске асыру кезінде болған әлеуметтік және басқа да өзгерістерді өлшеу (жобаға дейінгі ахуалды және жоба аяқталған кездегі ахуалды салыстыру, жоба шеңберінде проблемаларды мен міндеттерді шешу дәрежесі):**

Жобаны іске асыруға дейін Жаңаөзен қаласы мен оған қарасты ауылдарда отбасылық құндылықтарды жүйелі түрде насихаттайтын, ата-аналардың тәрбиелік рөлін күшейтуге және ұлттық дәстүрлерді заманауи форматта түсіндіруге бағытталған кешенді іс-шаралар жеткіліксіз деңгейде болды. Жас отбасылар мен ата-аналардың басым бөлігінде отбасы ішіндегі қарым-қатынас, жанжалды шешу, балалар тәрбиесіне саналы көзқарас қалыптастыру мәселелері бойынша практикалық білім мен ашық диалог алаңдары шектеулі болды. Сонымен қатар, ұлттық дәстүрлердің тәрбиелік әлеуеті күнделікті отбасылық өмірде жеткілікті қолданылмай, ақпараттық қамту да жүйесіз сипатта еді.

Жобаны іске асыру барысында және оның нәтижесінде ахуал айтарлықтай оң өзгерістерге ұшырады. Біріншіден, TEDx форматындағы кездесулер, пікірталастар, квиздер мен тренингтер арқылы ата-аналар мен жас отбасылар арасында отбасы институтының маңызы туралы түсінік тереңдеп, тәрбиелік жауапкершілікке деген көзқарас нығайды. Сауалнама нәтижелері бойынша қатысушылардың 70 пайызы өз отбасындағы қарым-қатынас мәдениеті жақсарғанын, ата-ана ретінде өз рөлін айқынырақ түсіне бастағанын атап өтті.

Екіншіден, жоба шеңберінде өткізілген мәдени воркшоптар мен пікірталас алаңдары ұлттық салт-дәстүрлердің қазіргі қоғамдағы және отбасы тәрбиесіндегі рөлін қайта бағалауға мүмкіндік берді. Қатысушылар ұлттық құндылықтарды тек теория жүзінде емес, тәжірибе арқылы меңгеріп, оларды отбасылық өмірде қолдана бастағанын көрсетті. Воркшоптарға қатысқан азаматтардың 70 пайызы алған білімдерін күнделікті тұрмыста пайдаланып жүргендерін растады.

Үшіншіден, ақпараттық-медиалық қолдау нәтижесінде жобаның қамту аймағы кеңейді. Подкасттар мен әлеуметтік бейнероликтердің 10 000-нан астам қаралым жинауы жобаға дейін болмаған тұрақты әрі ұзақ мерзімді ақпараттық әсердің қалыптасқанын дәлелдейді. Бұл отбасылық құндылықтар туралы ақпараттың тек іс-шара қатысушыларымен шектелмей, кең қоғамдық аудиторияға жетуіне ықпал етті.

Төртіншіден, отбасылық спартакиадалар мен интерактивті іс-шаралар ата-аналар мен балалар арасындағы өзара байланыс пен ынтымақтастықты күшейтті. Қатысушылардың кері байланысы отбасылық бірлік, өзара қолдау және бірлескен уақыт өткізуге деген қызығушылықтың артқанын көрсетті.

Осылайша, жоба аясында қойылған міндеттер толық көлемде орындалып, бастапқыда анықталған проблемалар — ата-аналардың тәрбиелік рөлінің әлсіздігі, отбасы ішіндегі коммуникацияның жеткіліксіздігі, ұлттық құндылықтардың жүйесіз қолданылуы және ақпараттық қамтудың төмен деңгейі — айтарлықтай дәрежеде шешімін тапты. Жоба аяқталған кезде өңірде отбасы институтын қолдауға бағытталған тұрақты әлеуметтік орта қалыптасып, қатысушылардың білімдік, мінез-құлықтық және құндылықтық деңгейде оң өзгерістері анық байқалды.

## **II. Әлеуметтік жобаға қатысушылар бөлінісінде статистикалық ақпарат**

### **1) Гендерлік көрсеткіш:**

<b>Жобаға қатысушылардың саны барлығы</b>	<b>Ерлер</b>	<b>Әйелдер</b>
600	275	325

## Санаттар бойынша әлеуметтік дәрежесі:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Балалар (оның ішінде мүгедек балалар)	Жастар	Мемлекеттік қызметкерлер	Бюджеттік ұйымдар жұмысшылары	Мүгедектігі бар тұлғалар	Егде жастағы адамдар (50 жастан жоғары), оның ішінде	Жұмыссыздар	Қоғамдық ұйымдардың өкілдері	Бизнес-сектор өкілдері	Басқа санаттар
600	0	405	10	100	3	50	10	3	10	9

## Жас көрсеткіші:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	13-16 жас	17-22 жас	23-27 жас	28-32 жас	33-45 жас	46-58 жас	59 жас және одан жоғары
600	10	112	206	87	101	62	22

## III. Жобаның нәтижелері

*1) Көрсетілген насаналы топтардың жобаны іске асыру барысында (сандық көрсеткіштерді көрсете отырып, сапалық қозғалыстарды сипаттай отырып) алған нақты нәтижелері:*

Жобаны іске асыру барысында нысаналы топтар нақты әрі өлшенетін нәтижелерге қол жеткізді. Бірінші кезекте, жоба аясында Жаңаөзен қаласы мен оған қарасты ауылдарда барлығы 600 отбасы өкілі тікелей қамтылды, бұл отбасы институтын нығайтуға бағытталған іс-шаралардың кең аудиторияны қамтығанын көрсетеді. Іс-шараларды өткізуге 10 сарапшы тартылып, қатысушыларға кәсіби, практикалық және ғылыми негізделген ақпарат ұсынылды.

Жас отбасылар мен ата-аналар үшін өткізілген TEDx форматындағы 5 кездесу мен 3 интеллектуалдық квиз нәтижесінде 160-тан астам адам офлайн форматта белсенді қатысты, ал квиздерге 150 отбасы өкілі тартылды. Сандық көрсеткіштермен қатар сапалық өзгерістер де байқалды: сауалнама қорытындылары бойынша қатысушылардың 70 пайызы отбасы ішіндегі қарым-қатынас мәдениетінің жақсарғанын, ата-ана жауапкершілігін тереңірек түсіне бастағанын және бала тәрбиесіне қатысты көзқарасының оң бағытта өзгергенін айтты.

Ата-аналар қауымдастығы үшін өткізілген 3 ашық пікірталас алаңы барысында 90 ата-ана қамтылды. Бұл топта байқалған негізгі сапалық нәтиже – ата-аналардың бала тәрбиесіндегі жеке үлгі мен еңбек тәрбиесінің маңызын саналы түрде қабылдауы. Көптеген қатысушылар пікірталастардан кейін балаларымен қарым-қатынас тәсілдерін өзгертуге және отбасындағы тәрбие процесіне белсенді араласуға дайын екендерін білдірді.

Ұлттық дәстүрлер мен құндылықтарды дәріптеуге бағытталған воркшоптар мен тренингтерге әрқайсысына орта есеппен 30-дан астам адам, жалпы алғанда 120-дан астам қатысушы қатысты. Сапалық тұрғыда қатысушылардың 70 пайызы ұлттық салт-дәстүрлерді тереңірек түсініп, оларды күнделікті отбасылық өмірде қолдана бастағанын растады. Бұл ұлттық құндылықтардың тәрбиелік әлеуетінің нақты тәжірибе арқылы күшейгенін көрсетті.

Ақпараттық-мәдиалық өнімдерді тұтынған аудитория бойынша да нақты нәтижелер қалыптасты. Жоба аясында дайындалған 5 подкаст пен 2 әлеуметтік бейнеролик әлеуметтік желілерде кеңінен таратылып, бейнероликтердің жалпы қаралым саны 10 000-нан асты. Бұл жанама түрде қамтылған аудиторияның да отбасылық құндылықтар тақырыбына қызығушылығы артқанын және ақпараттың ұзақ мерзімді әсерге ие болғанын дәлелдейді.

Отбасылық спартакиадаларға екі рет ұйымдастырылған іс-шара барысында 80 адам қатысты. Сапалық нәтижелер ретінде ата-аналар мен балалар арасындағы өзара сенім мен ынтымақтастықтың күшеюі, бірлескен әрекеттер арқылы отбасылық бірліктің артуы атап өтілді.

Жалпы алғанда, жобаның сандық көрсеткіштері жоспарланған индикаторларға толық сәйкес келді, ал сапалық тұрғыда нысаналы топтарда отбасы институтының маңызын түсіну деңгейі артты, ата-аналардың тәрбиелік белсенділігі күшейді, ұлттық құндылықтарды қолдану тәжірибесі кеңейді және отбасылар арасында тұрақты оң әлеуметтік мінез-құлық элементтері қалыптасты.

## ***2) Жобаны іске асыру барысында шешілуге тиісті проблемаға жобаның ұзақмерзімді ықпалы (жобадан туындаған осы немесе өзге саладағы болжамды оң/жағымсыз өзгерістерді негіздеу):***

Жобаны іске асыру нәтижелері оның отбасы институтын әлсірету, ата-аналардың тәрбиелік рөлінің төмендеуі және ұлттық құндылықтардың күнделікті өмірден шеттетілуі сияқты өзекті әлеуметтік проблемаларға ұзақмерзімді әрі тұрақты ықпал ететінін көрсетеді. Жоба барысында қалыптасқан білім, дағды және әлеуметтік тәжірибе тек қысқа мерзімді ақпараттық әсермен шектелмей, қатысушылардың өмірлік ұстанымдары мен мінез-құлық үлгілеріне ықпал етуге бағытталды.

Оң ұзақмерзімді өзгерістер ретінде, ең алдымен, ата-аналардың бала тәрбиесіне деген жауапкершілігінің артуын атауға болады. TEDx форматындағы кездесулер, пікірталастар мен тренингтер арқылы қалыптасқан түсініктер ата-аналардың тәрбиелік шешімдерді саналы түрде

қабылдауына, жанжалдарды бейбіт жолмен шешуге және отбасы ішіндегі өзара сыйластықты нығайтуға негіз қалайды. Бұл өз кезегінде балалардың психологиялық тұрақтылығын арттырып, әлеуметтік бейімделуіне оң әсер етеді.

Ұлттық дәстүрлерге арналған воркшоптар мен мәдени іс-шаралар отбасы тәрбиесінде салт-дәстүрлерді жүйелі қолдану тәжірибесін қалыптастырды. Ұзақ мерзімді перспективада бұл ұрпақтар сабақтастығының беріктенуіне, ұлттық мәдени кодтың сақталуына және жастар арасында ұлттық құндылықтарға деген оң көзқарастың орнығуына ықпал етеді. Жоба барысында үйренген дағдылар мен үлгілер отбасылар тарапынан қайта-қайта қолданылып, өзге отбасы мүшелері мен жақын ортаға таралу әлеуетіне ие.

Ақпараттық өнімдердің (подкасттар мен бейнероликтердің) цифрлық платформаларда ұзақ уақыт бойы қолжетімді болуы жобаның тәрбиелік әсерін іске асыру кезеңінен кейін де жалғастыруға мүмкіндік береді. Бұл жобаның әсер ету аясын кеңейтіп, жана аудиториялардың қосылуына және қоғамда отбасы құндылықтарын қолдауға бағытталған қоғамдық пікірдің орнығуына алғышарт қалыптастырады.

Сонымен қатар, жоба шеңберінде жергілікті атқарушы органдармен, білім беру ұйымдарымен және қауымдастықтармен орнатылған серіктестік байланыстар әлеуметтік бастамаларды әрі қарай дамытуға институционалдық негіз қалыптастырды. Ұзақмерзімді тұрғыда бұл өңірде отбасы саясаты бағытындағы жүйелі жобалардың жалғасуына және әлеуметтік капиталдың артуына ықпал етеді.

Ықтимал жағымсыз өзгерістер ретінде жобадан кейін белсенді іс-шаралар тоқтатылған жағдайда кейбір қатысушыларда алынған әсердің біртіндеп әлсіреу қаупі болуы мүмкін. Алайда бұл тәуекел ақпараттық контенттің сақталуы, серіктестік желілердің дамуы және жергілікті қауымдастықтардың бастамаларды өз бетінше жалғастыру әлеуеті арқылы барынша азайтылды.

## ***3) Іске асырылған жобаның әлеуметтік-экономикалық әсері:***

Әлеуметтік жобаның / әлеуметтік бағдарламаның тұрақтылығы

Жобаның тұрақтылығы оны іске асыру барысында қалыптасқан ұзақмерзімді нәтижелермен және жалғасу әлеуетімен негізделеді. Жоба аясында қатысушылар ата-аналық жауапкершілік, отбасылық қарым-қатынас мәдениеті және ұлттық құндылықтарды күнделікті өмірде қолдану бойынша практикалық білім мен дағдыларды меңгерді. Бұл дағдылар қаржылық немесе ұйымдастырушылық қолдауға тікелей тәуелсіз түрде отбасылардың өз ішінде қолданылып, ұзақ уақыт бойы сақталатын сипатқа ие.

Сонымен қатар, жоба шеңберінде дайындалған подкасттар мен бейнероликтер цифрлық платформаларда сақталып, жоба аяқталғаннан кейін де кең аудиторияға қолжетімді болып қала береді. Бұл материалдар отбасылық тәрбие мәселелері бойынша тұрақты ақпараттық ресурс ретінде пайдаланылып, жобаның тәрбиелік және әлеуметтік әсерінің үздіксіз жалғасуына мүмкіндік береді.

Жергілікті атқарушы органдармен, білім беру ұйымдарымен және жергілікті қауымдастықтармен орнатылған серіктестік байланыстар отбасы құндылықтарын қолдауға бағытталған бастамаларды болашақта да іске асыруға институционалдық негіз қалыптастырды. Жоба барысында белсенділік танытқан қатысушылар мен сарапшылардың әлеуеті өңірлік деңгейде ұқсас әлеуметтік жобаларды жалғастыруға мүмкіндік береді, бұл жобаның орнықтылығын арттырады.

#### Іске асырылған жобаның әлеуметтік-экономикалық әсері

Жобаның әлеуметтік-экономикалық әсері ең алдымен отбасы институтының нығаюы мен ата-аналардың тәрбиелік мәдениетінің артуы арқылы көрініс тапты. Отбасындағы өзара түсіністік пен жауапкершіліктің артуы отбасылық жанжалдардың алдын алуға, әлеуметтік шиеленістің төмендеуіне және балалардың психо-әлеуметтік дамуының жақсаруына ықпал етті. Бұл ұзақ мерзімді перспективада әлеуметтік қолдауға, түзету және алдын алу шараларына жұмсалатын қоғамдық шығындардың азаюына ықпал етеді.

Экономикалық тұрғыдан алғанда, жобаны іске асыру барысында жергілікті мамандар мен сарапшылар тартылып, олардың кәсіби еңбегі пайдаланылды, бұл жергілікті адами капиталды дамытуға септігін тигізді. Сонымен қатар, отбасы құндылықтарын нығайту арқылы еңбекке жауапкершілік, өзара қолдау және тәрбие мәдениеті қалыптасып, бұл болашақта еңбек өнімділігінің артуына және әлеуметтік тәуекелдердің төмендеуіне алғышарт жасайды.

Ақпараттық өнімдердің кең таралуы өңірде әлеуметтік белсенділікті арттырып, азаматтардың қоғамдық бастамаларға қатысуының көбеюіне ықпал етті. Нәтижесінде, жоба қоғамда оң әлеуметтік мінез-құлық үлгілерін қалыптастырып, отбасылық құндылықтарды қолдайтын тұрақты қоғамдық орта құруға әлеуметтік-экономикалық негіз қалады.

### **Есепті кезеңде грант шеңберінде іске асырылған әлеуметтік жобалар, әлеуметтік бағдарламалар туралы мәліметтер**

**Грант алушы: «Қазақстанның Экологиялық Қоры» қоғамдық қоры**

**Басым бағыттың атауы:** Мемлекеттік рәміздерді насихаттау және олардың маңызын түсіндіру

**I. Сандық көрсеткіштерді келтіре отырып, әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның барлық іс-шаралары бойынша жалпы ақпарат (іс-шараның өткен күні, орны, тақырыбы мен нысаны, қатысушылар саны, жоспарланған іс-шаралардың толық орындалуы):**

## **1 міндет. Интерактивті іс-шаралар «Менің символдарым — менің мақтанышым» тақырыбында.**

